

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге тыйым салынған тауарлар тізбесінің 1.10-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 16 маусымдағы № 77 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 46-бабына және Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №7 қосымша) 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 25 наурыздағы "COVID-19 короновирустық инфекциясының таралуын болдырмауға бағытталған шараларды іске асыру туралы" № 11 өкімінің 6-тармағының негізінде, жедел ден қоюды талап ететін айрықша жағдайға байланысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге тыйым салынған тауарлар тізбесінің (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 1 қосымша) 1.10-бөліміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2020 жылғы 16 маусымдағы
№ 77 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге тыйым салынған тауарлар тізбесінің 1.10-бөліміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. "Бахила" деген атаудағы позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Бахила**,***** 3926".

2. "Киім және киімге арналған керек-жарақтар (қолғапты қоса алғанда)**" деген атаулы позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Киім және киімге арналған керек-жарақтар
(қолғапты қоса алғанда)**,***** 3926 20 000 0*".

3. "Қатты резинадан басқа, түрлі мақсаттарға арналған вулкандандырылған резинадан жасалған киім және киімге арналған керек-жарақтар (қолғапты қоса алғанда) **" деген атаудағы позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Қатты резинадан басқа, түрлі мақсаттарға
арналған вулкандандырылған резинадан жасалған
киім және киімге арналған керек-жарақтар
(қолғапты қоса алғанда)**;***** 4015*".

4. "5603, 5903, 5906 тауар позициясындағы материалдардан дайындалған киім бұйымдары**" деген атаудағы позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"5603, 5903, 5906 тауар позициясындағы 6210 140 920 0*,
материалдардан дайындалған 6210 140 980 0*,
киім бұйымдары**;***** 6210 40 000 0*,
6210 50 980 0*".

5. "Тыныс алу органдарын дербес қорғау сүзгілік құралдары**;****" деген атаудағы позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Тыныс алу органдарын дербес
қорғау сүзгілік құралдары**;***;***** 9020 00 000 0*".

6. "Түзеу көзілдіріктерін қоспағанда, қорғау көзілдіріктері**" деген атаудағы позиция мынадай редакцияда жазылсын:

"Түзеу көзілдіріктерін қоспағанда,
қорғау көзілдіріктері**;***** 9004 90*".